

**Облыс әкімиятының 2003 жылғы 29 қаңтардағы N 17 қаулысына толықтырулар енгізу туралы, Ақтөбе облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 24 ақпанда 2005 мемлекеттік нөмірімен тіркелген**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы әкімиятының 2003 жылғы 9 маусымдағы № 139 қаулысы. Ақтөбе облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 маусымда № 2224 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 331 қаулысымен. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 331 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2009.11.12 № 331 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27 тармағына сәйкес облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысының мемлекеттік коммуналдық меншік (мүлік) объектілерін мүліктік жалға беруді ұсыну тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" облыс әкімиятының 2003 жылғы 29 қаңтардағы N 17 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Осы "Ақтөбе облысының мемлекеттік коммуналдық меншік (мүлік) объектілерін мүліктік жалға беруді ұсыну тәртібі туралы" Ереженің 9-бөлімі 42-2 тармақпен толықтырылсын:

"42-2 Жақтардың келісуімен жалға беруші жалгерлік ақы мөлшерін қолданыстағы заңға сәйкес жалгерлік ақы ставкасын есепке алмай және коэффициенттерді қолданбай бекітуге құқығы бар".

2. "Облыстық коммуналдық меншік басқармасы" мемлекеттік мекемесі ( А.Қаратаев) осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары С.Қ.Ғилымовқа жүктелсін.

*Облыс Әкімі:*